

Халық арасынан шыққандардың онын ішінде кедей топтары мен батрактардың қарапайым ғана білімімен жұмыс істеуде тәжірибесі жетпеді. Мұндай жағдай Қазақстанның барлық жерінде болды. Берілген нұсқауларды сөзсіз орындау. Әсіресе астық және шикізат өнімдерін. Сонымен қатар. Жыл сайын мал өнімдерін өткізуде мемлекеттік жоспарды асыра орындау барлық басқару мамандарына тән еді. Аудандық басшылар жоғарыдан берілген жоспар мен тапсырмаларды сол кездегі қатаң заңдық тұрғыдағы жауапкершілікпен атқарды, оны орындамау мүмкін емес те еді. Ал олар өз кезегінде шиеленіскен таптық күреске негізделген кеңес өкіметі мен большевиктік партияның саясатын жергілікті жерде іске асырды. Мұндай істі жүргізуде жаңағы жергілікті шала сауатты белсенділер, кешегі кедейлер мен батрактар олардың тірегі болды. Шаруалар қожалығын ұжымдастыру кезінде оларды шұғыл отырықшылыққа көшіру қатар жүргізілді. Мұнда назар аударатын нәрсе - қазақ халқының көптеген аудандары жартылай көшпелі шаруашылықпен айналысатын еді. Шаруалардың едәуір бөлігі егіншілікпен де айналысатын. Оларды рулық қыстауынан жана колхоз орталығына көшіріп мектеп, дәрігерлік пункт, мәдениет ошақтарын ашу сөзсіз жақсы іс еді. Бірақ Осының бәрі бей-берекет күштеп біріктірумен және кулактарды тап ретінде жоюмен қатар жүргізілді. Ауданнан тыс жерге кулактар деп орта шаруалардың 3-5 % жер аудару жағдайды ушықтырып жіберді. 1930 ж. 1 ақпандағы КСРО халық комиссарлары кеңесі мен БОАК қаулысы негізінде жүргізілген жаппай ұжымдастыру аудандарында кулактармен күресті күшейту шаралары халыққа қарсы ашық террор бастауға алып келді [8, 69 б.]. Кім мемлекетке малдарын еркімен беруге келіспесе, онда олар дереу кулак деп саналды. Осылайша, 1920 ж. Көктем мен жазда ауданда 800-дей адам байкулак қатарына жатқызылды. Аудан шаруаларының барлығы колхоздарға біріктірілді. Ұжымдастырудың қарқынын мына деректер дәлелдейді: 1930 ж. Көктемде ауданда 37 колхоз құрылса, қарашада бұл сан 68-ге жетті, 3067 шаруашылық біріктірілді. Шындығында көптеген колхоздар тек сөз жүзінде құрылған еді. Осы шағын, әлсіз колхоздар жаппай ашаршылық кезінде өздерін ұзақ ұстап тұра алмады. Аштық жылдарында аудан тұрғындарының көпшілігі өлмес үшін басқа аудандарға, тіпті республика аумағынан да үдере көшті.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Справочник По административно-территориальному делению Казахстана (август 1920 – декабрь 1936 г.) Алма-Ата, 1959
- 2 История Каркарашы в документах и материалах. Т I. Алматы: 2008
- 3 Толыбеков С. Е. Кочевое общество казахов XVII - начала XX вв. Политико-экономический анализ. Алма-Ата, 1971
- 4 Әрінов А. Атамекен Арқадағы - шежірелі Қарқаралы. А., 2003
- 5 Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні.-А.: Эвро, 2004
- 6 Кұл-Мұхаммед М. Алаш ардагері Жақып Ақбаев. А., 1996
- 7 Шаймұханов Д.А. және т.б. Қасиетті мекен - Қарқаралы. - Қарағанды, 2004
- 8 Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец 19 – начало 20 вв.) Алма-Ата, 1968.

#### АШТЫҚ ЖАЙЛАҒАН ЕЛ: 1931-1933 ЖЖ.

**Мәкен Ә.Б.,** г.ғ.м., оқытушы  
**Шохатаев О.С.,** а.э.м., аға оқытушы  
**Иксанов С.Б.,** г.ғ.м., аға оқытушы  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Қазақ даласында 1930-шы жылдардағы алапат ашаршылық ұлттық апат кездейсоқ тап болған зобалаң емес. 1917-1919 жж. Түркістан Республикасына қарайтын Сырдария және Жетісу облыстарында көшпенді халықтың миллионнан астамы, яғни бір ширегі опат болды. Мұның басты себебі -өлкедегі кеңес билігінің қолдарындағы қару-жарак күшімен құлаған режімнің қанау саясатын жалғастырғанында жатқан. 1927 жылғы БК(б)П XV съезі шешімі бойынша елдің ауыл шаруашылығы 1932 жылдың көктеміне дейін жеке қожалықтардан ұжымдық шаруашылықтарға айналып үлгеруге тиіс еді [1].

Партия алға қойған осы міндетті орындау үшін, 1928 жылғы 27 тамызда Қазатком жартылай феодалдарды тәркілеу туралы арнайы декрет шығарды. 1928 жылғы 13 қыркүйекте тәркілеуге қарсылық көрсеткендерді қылмыстық жауаптылыққа тарту және байларды жер аудару туралы қаулы қабылдады. Тәркілеу соңынан «Алаш ісі» атанған саяси репрессиялар басталып, «кеңес өкіметінің қас-дұшпандары» деп танылған алаштықтарды түрмеге жапты. 1930 жылғы 19 ақпанда ауыл шаруашылығын социалистік тұрғыда қайта құру ісін нығайтуды және кулактар мен байларға қарсы ымырасыз күресуді көздейтін қаулы қабылданды.

Халыққа қисынсыз ауыр салықтар салынды. Тәркілеу мен ұжымдастырудағы солақайлықтар салдарынан республиканың әр жерінде үш жүзден астам халық көтерілісі туды, олар әскери күшпен басып-жаншылды. Соның бәрі ел-жұртты жаңа апат иіріміне құлатты. Ұлттық Апаттың үшінші, ең қасіретті кезеңіне айналған сол 1931-1933 жылдары көшпенді халықтың жартысына жуығы аштан қырылды. Шамасы жеткендер басқа өлкелерге босып, шетелдерге өтіп кетті. Мал басы он шақты есе азайды.

1930-шы жылдардың басында аштан бұралған алғашқы босқындардың пайда болуы мен үдеп келе жатқан аштық күйзелістері жайында жер-жерден жекелеген азаматтар Мәскеуге, Алматыға жеделхаттар жөнелтті. Ф.Голощекиннің атына 1932 жылғы 4 шілдеде өлкекомның жауапты қызметкері Ғабит Мүсірепов, Қазмембаспа меңгерушісі Мансұр Ғатаулин, Комвуз басшылары Мұташ Дәулетғалиев пен Емберген Алтынбеков, Госпланның сектор меңгерушісі Қадыр Қуанышев қол қойған «бесеудің хаты» түсті. Хатта ауыл шаруашылығындағы құлдырау деректері келтірілді (1930 жылғы 40 миллион бас малдан 1932 жылы 5 миллион ғана қалған еді). Қазақтар арасында аштан өлудің тым көбейіп кеткені және осынша мүшкіл халге «солшылдық» асыра сілтеулер мен Қазөлкекомның қате саясаты жеткізгені айтылды [2].

Ақтөбе вокзалында, жиналған қалың жұрттың көзінше, 72 жастағы зейнеткер Бақытжан Қаратаев қазақ коммунистерінің көсемі Голощекинге ашаршылық үшін айыптаған ауыр сөздер айтып, қазақтарды шыбынша қырған аштық қасіретіне республиканың бірінші басшысы ретінде жауапты екенін жұртшылық алдында бетіне басты. Алайда артында қалған жазбаларында алапат ашаршылыққа жалғыз Голощекин емес, оның айналасындағы қазақ қайраткерлері де айыпты деп түйді.

Солардың бірі Қазақ өлкепарткомының Бюро мүшесі, республика Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Ораз Исаев 1932 жылғы тамызда Сталинге үлкен хат тапсырған еді. Онда ол өлкеде орын алып тұрған ахуалды ашық баян етті, себеп-салдарларын талдады, қиындықтан шығаратын шаралар ретіндегі ұсыныстарын тұжырымдады. Сонымен бірге орнаған ахуал үшін өзге бюро мүшелерімен қатар өзінің де жауапты екенін мойындай отырып, «бірінші хатшының көпке мәлім ерекше рөлін» ескере келе, «басшылықта өзіне-өзі сын көзбен қарауға қабілеті жетпейтін» Ф.Голощекин отырғанда -республикадағы ауыр «жағдайды сауықтыру еш мүмкін емес» деп санайтынын жазды.

Ол Голощекинді Қазақ партия ұйымының жетекшілігінен кері шақырып алуды Бас хатшы Иосиф Сталиннен жалғыз өзі тікелей ашық талап етті [2, 545 б.]. Сонымен бірге қазақ ауылы мен мал шаруашылығына байланысты шұғыл атқарылуға тиіс мәселелер жөнінде Орталық Комитеттің арнайы шешім шығаруын сұрады. Өтінішінің бұл бөлігі қанағаттандырылды. Оның хатында көрсетілген жәйттер сталиндік Орталық Комитеттің

Қазақстанның мал шаруашылығын дамыту жайында 1932 жылғы 17 қыркүйекте қабылдаған қаулысына негіз етіп алынды.

Қаулының жүзеге асырылуын тиімді жүргізуді көздейтін бірқатар ұсынысын РКСФР Халкомкеңесі төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов 1932 жылғы 29 қыркүйекте Сталинге жолдаған баянхатында айтты. 1933 жылғы 24 ақпанда Бас хатшы И. Сталин мен Қазақ өлкекомының жана бірінші хатшысы Л. Мирзоянның атына Мәскеуде оқитын «алтаудың хаты» (қол қойғандар: қызыл профессура институтының тыңдаушылары Ғатаулла Исқаков, Ильяс Қабылов, Жүсіпбек Арыстанов, Бірмұхамед Айбасов, Қазөлкеком мүшесі Ғаббас Тоғжанов, студент Оразалы Жандосов) жіберілді [2].

Онда 300 мыңнан астам қазақ отбасыларының Сібір және Орта Азия темір жол станцияларына, қалаларына, орталықтағы қалаларға, көрші республикалардың облыстарына босып кеткені, көбінің қайыршылық хал кешіп жатқаны айтылды. Шұғыл көмек көрсетілмесе, көктемге қарай олардың арасындағы өлім-жітім тым көбейіп кететіні хабарланды. 1933 жылғы 9 наурызда Т. Рысқұлов Сталинге Қазақстандағы ашаршылық зардаптарын жою жөніндегі баянхатын жолдады.

Қазақстанның жаңа басшылығы республикадағы 162 ауданның ішіндегі ашаршылық зардаптарын жоюға бағытталған кешенді жұмыстар жүргізді. Өкімет өкілдері Ораз Жандосов пен Жанайдар Садуақасов бастаған құтқару комиссиясы көшпенді мал шаруашылығын кәсіп еткен Сарысу ауданның үштен бірі ғана аман қалған жұртын жаңа қонысқа көшіріп, әкімшілік бағынысын өзгерту және отырықшылық жағдайдағы экономикасын жандандыру орайында көп жұмыс атқарды. Босқындарды елге алып келу үшін автономиялық үкімет атынан жан-жаққа арнайы өкілдер аттанды.

Қазақстандағы 1932-1933 жылдардағы ашаршылық салдарынан болған адам шығыны туралы мәселені қазіргі заманғы тарихнама әр түрлі қырынан бағалайды. Қарапайым рәсімге (қазақ халқы санының жүргізілген санақтар арасындағы арифметикалық алшақтықты анықтауға) негізделген зерттеулерде шығын, әдетте, 1 млн адам шегінде аталады. Көрінеу көбейтілген бағалаулар да кездеседі, мысалы, белгілі америкалық маман Марта Олкоттың «Әлеуметтік өткенді бағамдау: Орта Азия қазақтары» атты кітабында екі миллиондық құрбандық туралы айтылады.

Батыстың кеңес кезеңін зерттеушілеріне назар аудара отырып, олардың ізденістері бір жағдайларда ақиқатқа ұмтылысты бейнелесе, екінші бір жағдайларда онда объективтіліктің қарасы да көрінбейді, өйткені барлық назар негізінен «тағы бір ілгешекті айтып қалу» ниетінен туатын қасаң пікірлерге аударылады. Бірақ қалай болғанда да отандық тарихымыздың проблемасын біздің өзімізден артық ешкім шеше алмайды. Сондықтан осы бағыттағы зерделік ізденістерді жеделдететін уақыт келді. Және бұл ретте тарихи демография, оның тиімді танымдық құралдарымен және зерттеудің әмбебаптық әдістерімен қоса, елеулі рөл атқаруы тиіс.

Кейінгі кезге дейін проблеманы талдау үшін бірінші және екінші Бүкілодақтық халық санағы (тиісінше 1926 жылғы 17 желтоқсанда және 1939 жылғы 15 қаңтарда жүргізілді) деректері бірден-бір құжат көзі болып келді. Олардың арасындағы қашықтық толық 12 жыл және бір айды құрайды. Халықтың кемуі нақ осы санақтар аралығындағы кезеңде өтті. Егер адамдардың демографиялық кемуінің шыны 1932-1933 жылдардың қысына тура келетінін ескерсек, тиісінше халық санының ғаламат қысқаруы бірінші санақ өткеннен кейінгі шамамен оның алтыншы жылында және екінші санақтың нақ сондай алдыңғы жылында болған. Басқаша айтқанда, қайғылы оқиғаның шыны екі санақтың дәл ортасына келеді, бұл есепті жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

1926 жылғы бірінші санақ қорытындысына сәйкес, Қазақ АКСР-і аумағында 3 млн 628 мың тұрғылықты халық мекендеді. Бірақ 12 жыл өткеннен кейінгі 1939 жылғы санақта халық санының 1 млн 321 мың адамға, яғни жинақтап айтқанда 36,7%-ға азайғаны тіркелген. Тарихшы -демографтардың айтуы бойынша тіпті осы цифрдың өзі азайтылып көрсетілген, демек ол факторлық талдау аясында елеулі түрде түзетуді қажет етеді деген сөз. 1930 жылдың ортасына, халықтың сандық құрамы шартты түрде тұрақты болған кезде

республика аумағындағы тұрғылықты халықтың саны 4 млн 120 мың адамды құрады. Осы деректер тұрғысынан есептесек, сол зұлмат жылдарда Қазақстан өзінің тұрғылықты халқының орны толмас көп бөлігінен, атап айтқанда 2 миллионға жуық адамынан айырылған [3, 329-330 бб.].

Қазақ халық шаруашылығы есеп (Казнархозучет) басқармасы М. Соматовтың жұртқа мәлім мәлімдеме хатында (1937 жылдың 14 қаңтары) Қазақстанның ауыл тұрғындары 1930 жылдың 1 шілдесінен 1933 жылдың 1 маусымы аралығында 3,4 млн адамға кеміп, ал қала тұрғындары 766,8 мың адамға өскен. Мәлімдеме хатта осы екі аралықтағы қайтыс болғандар айырмашылығы (263,3 мың адам) аштық, індет, жер аудару құрбандары көрсетілмейді.

Аштық құрбандарының саны туралы мәселе әзірге ашық күйінде қалып отыр деп ойлаймыз. Елеулі түзетуді, шамасы, МКК мен ИБ, Орталық партия органдарының «К» (құпия) белгісі соғылған, республикалық және облыстық мұрағаттарда сақталған мұрағат қоймаларынан айналымға енгізілген материалдардан алуға болатын шығар. Түбегейлі жаңа деректерді «қуғын-сүргін санағы» деген атаумен белгілі 1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағының материалдарынан алуға болады. Түп-тура бір-ақ күнде (5 қаңтардан 6 қаңтарға қараған) жүргізілген ол сталинизм саясаты тудырған орасан зор демографиялық апатты бейнелейді. Іле-шала оны әзірлегендер мен орындағандардың тұтқындалғаны, ал көпшілігінің атылғаны түсінікті (тоталитарлық жүйе куәлерді қалдырудан қорықты). Санақ материалының өзі ұзақ жылдар бойы жойылған деп есептеледі келді. Енді, міне, жуырда ол Халық шаруашылығы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ХШОММ) қорынан табылып отыр. Осы материалдардан көрінгендей, 1937 жылғы қаңтарда КСРО-да қазақтардың саны 2 862 458 адамды құраған.

Қазақстанда осы кезде басқа халықтар мен этностардың саны: украиндар - 859,4 мыңнан 658,1 мыңға, өзбектер - 228,2 мыңнан 103,6 мыңға, ұйғырлар - 62,3 мыңнан 36,6 мыңға азайғанын да айтқан жөн. Ауыр тағдырға тап болған осы халықтардың өкілдері үйреніскен жерін тастап, азық-түлікке қатысты қолайлылау аудандарға - Сібірге, Өзбекстанға кетуге мәжбүр болды.

Келтірілген деректерден байқағанымыздай, шаруашылықты өктемдікпен талқандаудың салдарынан туындаған ашаршылық ауқымы жағынан жан шошытарлықтай болды. Малдан жұрдай болған қыр халқы өздеріне тән дәстүрлі тағамдары еттен айырылды. Балықшылық, аңшылық және басқа жиын-терім жағдайды түзей алмады. Егін шықпағандықтан ауылда астық болмады (ал болса, астық дайындау науқаны кезінде сыпырып алды).

1932-1933 жылдардағы ашаршылық Шабындық және егістік жерді қайта бөлу, тәркілеу, азық - түлік салығы, күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру барысындағы зорлық - зомбылықтардан көп азап шеккен ең алдымен қазақ халқы болды. Бар дүниесінен, мал - мүлкінен, құрал - саймандарынан, тіпті жертөлесінен де айырылған қазақтар ашаршылыққа ұшырап, босқын күйге көшті. Ауыл шаруашылығында егіншілік көлемі күрт азайып кетті. Мал шаруашылығы терең күйзеліске ұшырады. Ұжымдастыру қарсаңында Қазақстанда 40, 5 млн бас мал болды, ал 1933 жылдың 1 қаңтарында олардан қалғаны бар болғаны 4, 5 млн бас еді. 1931-1933 жылдары бүкіл Қазақстанды құшағына алған аштықтан 6, 2 млн республика халқының 2, 1 млн - ы қырылды.

Өлкелік партия комитетінің Торғай ауданындағы уәкілі 1932 жылдың қыркүйегінде мұнда әр адам басына орта есеппен 56 килограмм ғана астық және бір ғана мал қалғанын, ал бұлар алты айдан кейін мүлде таусылып, қаңтардың соңына қарай, қыстың қақаған, сары аязында нағыз қиямет - қайым орнайтынын алдын ала ескертіп, дабыл қақты. Ол сонымен бірге кейбір толық емес мәліметтер бойынша ауданда ең кемі 2042 адам аштық құрбаны болғанын, ал 8500 адам аштан өлейін деп жатқанын Құрамысов пен Кахианидің, Исаев пен Құлымбетовтың аттарына жолдаған ресми мәлімдемесінде ашық айтты. Анадан туғандай тыржалаңаш, аш адамдардың дала төсінде босып сандалып жүргендерін, басқасын былай

қойғанда, олардың даладағы атқұлақ пен сарышұнақты түгін қалдырмай жеп қойғанын жазды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ашаршылық: себептері, салдары // Егемен Қазақстан. – 2018. – 31 Мамыр.
- 2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық [Мәтін] : научное издание. 4-том. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан. – Алматы : Атамұра, 2010. - 752 б.
- 3 Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін [мәтін]: очерк. – Алматы, 1994. – 446 б.

### ИЗ ИСТОРИИ ДЕПОРТАЦИИ НЕМЦЕВ В СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН

**Капышев А.К.**, к.и.н., ассоциированный профессор, Кокшетауский университет им. А. Мырзахметова, г. Кокшетау, Республика Казахстан

**Тулеуова Б.Т.**, к.и.н., ассоциированный профессор, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Республика Казахстан

Депортация немецкого населения в Казахстан являлась одной из важных составляющих советской демографической и национальной политики. В мировой истории «депортация» как перемещение населения рассматривается как инструмент репрессивной политики государства по отношению как к отдельным лицам, так и целым народам, признанных официальной властью опасными. С латинского языка слово депортация («deportatio») переводится как «изгнание». Впервые этот термин появился в уголовном законодательстве Франции в XVIII-XIX вв. и означал ссылку политически неблагонадёжных лиц на отдалённые территории в пределах страны [1, 131-132]. Принудительное выселение было привычным испытанным методом внутренней политики Российского государства. Впервые как вид наказания был законодательно оформлен в России еще в конце XVI века, но на практике был применен еще ранее в отношении простых людей, опасных бояр, негодных священников [2, 237]

Современные исследователи выделяют несколько целей проведения депортации как инструмента политики официальной власти по отношению к определенной части населения. Первая цель, как было уже отмечено, основывалась на идеологически оправданной организованной практике принудительного перемещения отдельных лиц или групп лиц в качестве меры наказания или в рамках превентивных мероприятий. Наиболее ярко это проявилось в советской пропаганде, которая намеренно объединила всех этнических немцев с нацистским режимом в Берлине.

Вторая сторона депортации заключалась в стремлении использования бесплатного труда депортируемого населения. В историческом плане этот процесс нашел свое проявление еще в рабовладельческом и средневековом обществах на невольничьих рынках, где можно было встретить представителей самых разных народов, согнанных сюда в результате завоевательных походов. В XX веке данная практика нашла свое применение в организации трудовых лагерей фашистской Германии и Советского Союза. Помимо этого, экономико-демографическая направленность депортации также проявлялась в том, что места высылки депортированных лиц выбирались для заселения новых территорий и освоения природных ресурсов, строительства крупных промышленных объектов и развития сельского хозяйства, как например это произошло в Российской империи, а затем в Советском Союзе.

Сегодня в международном гуманитарном праве термин «депортация», «переселение населения» используется для обозначения принудительного передвижения населения в пределах территории какого-либо государства [3]. Оно рассматривается как военное